

**Май аудандық Қоғамдық кеңесінің
ХАТТАМА**

Көктөбе ауылы

2025 жылғы «22» желтоқсан

Өткізілетін орыны: аудандық мәдениет үйі ғимаратында, сағат 11.00.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Гульнар Мукажанқызы Карманова

Қатысушылар:

- Қоғамдық кеңестің мүшелері (толық құрамда);

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар! Қоғамдық кеңес отырысын ашу жөнінде қандай ұсыныстарыңыз бар? Ашылсын деген ұсыныс түсті. Онда Қоғамдық кеңес отырысы ашылсын дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын. Түсірулеріңізді өтінемін. Қарсы, қалыс жоқ. Рахмет. Қоғамдық кеңес отырысын ашық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне алдыңғы жиналыста кейінгіге қалдыруға ұсынған сұрақтар қайта шығарылып отыр. Күн тәртібі бойынша алып-қосарларыңыз бар ма? алып -қосарларыңыз болмаса, күн тәртібі бекітілсін дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын. Түсірулеріңізді өтінемін. Қарсы, қалыс қалған жоқ. Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібі бекітілді.

- Қоғамдық кеңес отырысының регламентін бекітіп алуымыз керек баяндамашыларға 10-15 минут, жарыссөзбен хабарлама жасаушыларға 3-5 минутке дейін сөз беріледі. Қоғамдық кеңес отырысын үзіліссіз 1 сағат ішінде аяқтауымыз керек

Қоғамдық кеңес отырысының регламенті бекітілсін дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын, түсірулеріңізді өтінемін қарсы- қалыс жоқ регламенті бекітілді.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңестің мүшелері! Бүгінгі жиналысқа шақырылмаған Тайшыбаев Ерлік Ұзақұлының қатысқанына қарсылығымды білдіремін. Бірішіден бұл кісіні жиналысқа кім шақырды?

Сөз: Қайырбек Шырын жиалысқа Е.Тайшыбаевты мен шақырған болатынмын

Қоғамдық кеңес төрағасы: Қандай себеппен?, Резервте отырған Е.Тайшыбаев Қоғамдық кеңес мүшесі емес болғандықтан, дауыс беріп жиналысқа қатыса алмайды.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Ерлік Ұзақұлы сізді кабинетті босатып жиналысқа кедергі келтірмеуіңізді сұраймын

Сөз: Шырын Қайырбекқызы сіздің бұл талабыңызбен келіспейміз Ерлік Ұзақұлы резервте отырмай Қоғамдық кеңес мүшесі болып кіре алады.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Май аудандық үлгілік ережесіне сүйене отырып резервтегі кісілердің Қоғамдық кеңес мүшесі болып кіруіне ешқандай қажеттілік, қандай бір себеп жоқ деп санаймын.

Сөз: Казылова Гульзира Абзалқызы Облыстық Қоғамдық кеңесінің үлгілік ережесі бойынша резервтегі адамдарды Қоғамдық кеңес мүшесі ретінде қосуға болады.

Сөз: Шырын Қайырбекқызы Мен осы мәселе бойынша сіздерге слайд көрсетуге рұқсат етсеңіздер

Сөз: Көшербай Қуанышұлы Мустафин бұл сұрақты дауысқа салуды сұраймын

Жауап: Қоғамдық кеңес мүшелері түгелі қолдады

Слайд көрсетілді, Нәтижесінде Ш. Қайырбекқызы Қоғамдық кеңес өз бетінше Қоғамдық кеңес мүшелерінің санын көбейте алады яғни резервтен кісі қосуға болады деген пікір ұстанып соны қолдауды ұсынуды.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Ол Шырын Қайырбекқызының ұсынысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінің тең жартысы қарсы екенін айтып өтті.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңестің мүшелері Тайшыбаев Ерлік Ұзақұлы жиналысты босатты. Енді Жиналыстың күн тәртібіндегі бірінші сұрақты қарауға көшейік біз «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес, комиссия құрамы жай көпшілік дауыспен сайланады.

Қоғамдық кеңестің алдыңғы құрамында 3 комиссия болған. Мен сандық құрамды өзгеріссіз қалдыруды ұсынамын, тек комиссиялардың атауларын өзгертуді ұсынамын. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Қоғамдық кеңес төрағасы: Комиссия атауларын келесідей атауды ұсынамын:

1. «Қоғамдық кеңестің экономика, бюджет және құрылыс мәселелері» жөніндегі комиссиясы

2. «Қоғамдық кеңестің білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі комиссиясы;

3. «Қоғамдық кеңестің агроөнеркәсіптік, кіші және орта бизнесті дамыту және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жөніндегі» комиссиясы

Басқа ұсыныстар болады ма?

Қоғамдық кеңес төрағасы:

осы 3 комиссия болып бекітілсін дегендеріңіз дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар: – 6 адам Түсіпбеков Е, Мұстафин К, Смакова Д, Амдамжанов Ж, Сманов Х және Карманова Г.

Қарсы:- 6 адам Казылова Г, Кайырбек Ш, Кусаинова М, Тенизбаев С, Ахамбаев М, Дюсенбаев П. қалыс қалғандар жоқ.

Сөз: Кусаинова Мадина Кабзайтқызы мен комиссия санын бес комиссия болып бекітілсін деп ұсынамын.

Қоғамдық кеңес төрағасы: бес комиссияға үлкейтуге қажеттілік жоқ деп санаймын

Сөз: Түсіпбеков Ерғанат Шомитұлы әрине үш комиссия жеткілікті деп санаймын. Резервтегі адамдар шығып кеткен адамдар болса соның орынына кіреді болашақта.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Комиссия төрағаларын сайлау мәселесін қарастыру туралы ұсыныс енгіземін

Сөз: Казылова Гульзира Абзалқызы 3 комиссия болғанына қарсылық білдіремін, ұсынысты қолдамаймыз.

Жауап:

Қоғамдық кеңес төрағасы: тең жартысыларыңыз бөлініп алып жиналысты жалғастыруға ешқандай мүмкіндік бермей қарсылық танытып отырсыздар. Сол себепті жиналысты жабуға мәжбүр болып отырмын.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері күн тәртібіне қойылған мәселелер қаралған жоқ. Отырысты жабық деп жариялаймын.

Май аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы
Май аудандық Қоғамдық кеңесінің хатшысы

Нарманова
Май